

## **«ЭКО - КЛУБ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ» КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы,  
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
«PosadiDerevo.kz» Республикалық қоғамдық ұйымының бірлескен жоба аясында

### **I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

- 1.1** Ереже эко клуб конкурсын өткізу тәртібін және мақсатын анықтайды, жеңімпаздарды марапаттау және нәтижесін қорытындылайды
- 1.2.** Конкурсты Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы,  
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «PosadiDerevo.kz» Республикалық қоғамдық ұйымы ұйымдастырады.
- 1.3.** Конкурс атауы: «Эко-клуб біздің өмірімізде» атты Алматы қаласының Экологиялық клубтарының қорытынды конкурсы

### **II КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

- 2.1 Конкурстың мақсаты:** Оқушылардың экологиялық саналарын кеңейту және қалыптастыру
- 2.2 Міндеттері:**
- Өлемнің және мемлекеттің экологиялық мәселелеріне оқушылардың назарын аударту;
  - Оқушылардың табиғатты қорғау тақырыбына деген қызығушылығын арттыру;
  - Оқушылардың мектептегі экологиялық үйірме жұмыстарына ынталандыру.

### **III КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР**

- 3.1 Ұйымдастырушы:** «PosadiDerevo.kz» Республикалық қоғамдық ұйымы, Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
- 3.2 Ұйымдастырушы комитет келесі міндеттерді орындайды:**
- Конкурсты өткізу тәртібін, қазылар алқасын бекіту;
  - Конкурстың өту уақытын және орнын, қатысушылар тізімін анықтау;
  - Конкурстық тапсырмаларды бағалау критерилерін бекіту және құрастыру;
  - Ұйымдастырушы комитеттің шешімін хаттамамен рәсімдеу.

### **IV КОНКУРСТЫҢ ӨТКІЗУ ОРНЫ ЖӘНЕ УАҚЫТЫ**

- 4.1 Конкурс өту орны:** Алматы қаласы, Төле би көшесі, 86. №3 копус, Абай атындағы ҚазҰПУ
- 4.2.Конкурстың өту уақыты және жеңімпаздарды марапаттау күні:** 5 желтоқсан, 2016 жыл.

### **V КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

#### **5.1. Конкурс 2 кезеңде өтеді:**

- 1) бірінші кезең – мектепшілік;
  - 2) екінші кезең – Абай атындағы ҚазҰПУ базасында.
- 5.2. Бірінші кезең.** Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша Эко клуб құрылады. Қорытынды конкурсқа қатысушылар ретінде үй тапсырмасының екі конкурсы бойынша максималды баға алған 10 экологиялық клуб конкурстың қатысушы болып тағайындалады.
- 1) Эко клубтың тестілеуден алған орта балы нәтижесі бойынша (тесті барлық экоклубқа қатысушы тапсырады);
  - 2) Эссе тақырыбы «Алматы – Таза қала: Алматыдағы (ТҚК) тұрмыстық қатты қалдықтарға рационалды үндеу» (клуб атынан бір эссе)

**5.3. Екінші кезең.** Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін Абай атындағы ҚазҰПУ ұйымдастыру комитетіне анықтама алу үшін телефон: 8-7074610710790 (Надежда Ващенко [nv@posadiderevo.kz](mailto:nv@posadiderevo.kz)), 8-7078328258 (Гульмира Койбагаровна, [agend66@mail.ru](mailto:agend66@mail.ru)) конкурсқа қатысуға өтінім жолдайды - 25 қарашаға дейін

**Тіркеу қатасы:**

**«Эко-клуб біздің өмірімізде» конкурсына қатысу өтінімі**

(Жетекші және әрбір қатысушы оқушы, студенттерге жеке толтырылады)

- Қатысушының аты-жөні (толық)
- Сынып, оқыту тілі
- Мектеп (толық атауы)
- Почта мекенжайы
- Байланыс телефоны/факс
- Тапсырма орындалатын тіл
- Экоклуб жетекшісінің аты-жөні, қызметі, байланыс телефоны, e-mail (міндетті түрде)

Тіркеу карточкалары электронды мекенжайға doc форматында жіберіледі.

**5.4. Екінші кезеңі екі турда өтеді.**

**5.5. БІРІНШІ ТУР** - үй тапсырмасы ретінде екі конкурстан тұрады:

**1. Тестілеу.**

Эко клубтың тестілеуден алған орта балы нәтижесі бойынша (тесті барлық экоклубқа қатысушы тапсырады);

*Тесті бағалаудың жоғары балдық көрсеткіші – 25 балл.*

**2. Эссе-ой толғау**

**Тақырыбы «Алматы – Таза қала: Алматыдағы (ТҚК) рационалды үндеу»** клуб атынан жазылған (клуб атынан бір эссе) *Жұмыс көлемі 2-3 бетке дейін. Мәтін А4 форматтағы қағаздың бір жағына Times New Roman 14 ирифтi, 1,0 интервалмен ресімделеді, абзац жоғарыдан, төменнен, оң жақ, сол жағынан – 2,0 см.* Тестілеу және шығармашылық эссе үй тапсырмасы ретінде орындалып, электрондық пошта арқылы (*e-mail: [nv@posadiderevo.kz](mailto:nv@posadiderevo.kz), [agend66@mail.ru](mailto:agend66@mail.ru)*) 25 желтоқсанға дейін ұйымдастыру комитетіне тапсырады. Келесі турға қатысу үшін клуб мүшелері Абай атындағы ҚазҰПУ-ға келгенде, тест пен эссенің қағаздағы нұсқаларын конкурстың ұйымдастыру комитетіне безендірілген түрде тапсырады (*жұқа түптелген*).

**Бағалау критеріі:**

1. Эссе мазмұнының рухани-адамгершілік тереңдігі
2. Игерілген материалдың тақырыпқа сай ашылуы
3. Шешуші ұсыныстардың берілуі

*Эссені бағалаудың жоғары балдық көрсеткіші – 15 балл.*

**5.6. ЕКІНШІ ТУР** – Абая атындағы ҚазҰПУ базасында өтеді.

**5.7. Конкурс таныстыру.** «Эко-клуб біздің өмірімізде» 3 минут

Эко Клуб презентациясы – клубтың таныстыру картасы: логотип, клуб атауы, гимн, эмблема, эко сабақтың суреттері. Презентация еркін формада өтеді

**Бағалау критеріі:**

1. Креативтілік, тұтастық, түпнұсқалық
2. Тақырыпты ашу тереңдігі
3. Үйлесімділік
4. Актерлік шеберлік
5. Регламентке сәйкестік

*Конкурсын бағалаудың жоғары балдық көрсеткіші – 15 балл.*

**5.8. Конкурс «Эко театр» 7 минут.**

**Бағалау критеріі:**

1. Актерлік шеберлік
2. Тақырыпты ашу тереңдігі
3. Креативтілік, тұтастық, түпнұсқалық
4. Әртүрлілік
5. Регламентке сәйкестік

*Конкурты бағалаудың жоғары балдық көрсеткіші — 25 балл.*

**5.9. Практикалық тапсырма. ҚТҚ тақырыбына практикалық тапсыма.** Тапсырма конкурс барысында ұсынылады. **10 минут.**

**VI ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

**6.1** Конкурстың жеңімпаздары (1,2,3 орын) бағалау парағындағы қорытынды балл негізінде қазылар алқасы шешімімен анықталады.

**6.2** Конкурс жеңімпаздары, естелік сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталады.

**Ұйымдастыру комитеті**